

Қазақстан Республикасы арнаулы орта оқу орындары туралы Уақытша Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі 1995 жылғы 24 қазандағы N 24. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 қазан N 211 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Еңбек министрлігі, Қаржы министрлігі және Экономика министрлігінің келісімімен бекітілген 23 маусым 1993 ж. N 524 Қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі туралы Ережеге сәйкес, бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы арнаулы орта орындары туралы Уақытша Ереже бекітілсін (қоса беріледі).

2. Жоғары және арнаулы орта білім бас басқармасы (Т.М. Мұхаметқалиев) Уақытша Ережені басшылыққа алып, 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін, арнаулы орта оқу орындарының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін нормативті құжаттарды дайындасын және оны бекітуге тапсырсын.

3. Министрліктер мен ведомстволардың арнаулы орта оқу орындарын басқару органдары, облыстық және Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері), арнаулы орта оқу орындарының директорлары жарғыларын осы Ережеге сәйкестендірсін және 1995 жылдың 1 тамызына дейін белгіленген тәртіп бойынша оларды тіркеуден өткізсін.

4. КСРО мемлекеттік білім комитетінің 7 маусым 1989 ж. N 565 бұйрығымен бекітілген КСРО арнаулы орта оқу орындарының Уақытша ережесі күшін жойды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау министрдің орынбасары Е.Ө.Медеуовке жүктелсін.

Министр

Б і л і м м и н и с т р л і г і н і ң
3 1 қ а н т а р 1 9 9 5 ж . N 2 4

Б ұ й р ы ғ ы н а

Қосымша

Қазақстан Республикасы арнаулы орта оқу

орындары туралы уақытша

ЕРЕЖЕ І. Арнаулы орта оқу орны, оның құрылымы мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасында арнаулы орта және жалпы орта (толық) білімнің біліми-кәсіптік бағдарламаларын жүзеге асыратын заңды құқы бар мекеме арнаулы орта оқу орны болып табылады.

2. Арнаулы орта оқу орындары Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының басқа заңды құжаттарының ережелеріне, осы Ережеге және өз Жарғысына сәйкес құрылады, қайта құрылады, қызмет етеді және таратылады.

3. Арнаулы орта оқу орындары өзінің ұйымдық-құқылық негізіне қарай мемлекеттік және мемлекеттік емес (жеке меншік, қоғамдық және діни мекемелер) болып құрылуы мүмкін.

Мемлекеттік емес арнаулы орта оқу орындарына бұл Ереже үлгі болып табылады.

4. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындары құрылады, қайта құрылады және таратылады:

- республикалық бағыныстағы - Білім министрлігі ұсынысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің нұсқауымен, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктері басшыларының, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және тиісті салалас министрліктер мен ведомстволардың келісімімен;

- жергілікті бағыныстағы - облыстық, Алматы және Ленинск әкімшіліктері әкімдерінің басшылығымен, Білім министрлігі мен тиісті салалас министрліктер мен ведомстволардың келісімімен.

Арнаулы орта оқу орнының құрылтайшысы міндетін мемлекеттік арнаулы орта оқу орны құрылғандығы туралы құжат шыққаннан кейін қарамағына қарайтын тиісті мемлекеттік басқарма орындайды.

5. Мемлекеттік емес арнаулы орта оқу орындарын құруды, қайта құруды және таратуды олардың заңды құрылтайшылары мен нақты адамдар жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасы заңдары берген білім беру қызметі және жеңілдіктерді пайдалану құқығы арнаулы орта оқу орындарында лицензия алған күннен бастап пайда болады.

Арнаулы орта оқу орындарына білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиялар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен беріледі.

7. Арнаулы орта оқу орындарының басты міндеттері (негізгі қызметі):

- жеке адамның интеллектуалдық, мәдени және рухани жағынан жетілдірудегі таңдап алған қызмет саласында арнаулы орта білім мен мамандық алудағы қажеттерін қанағаттандыру;

- қоғамның арнаулы орта білімді білікті мамандар жөніндегі әлеуметтік-экономикалық қажеттерін қанағаттандыру;

- орта буын мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

- іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер, ғылыми-техникалық, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру, сонымен бірге арнаулы орта мектептің келелі мәселелерін шешу;

- азаматтыққа тәрбиелеу, мемлекет, қоғам, отбасы алдындағы жеке адамның міндеттерін саналы түрде меңгерту, сонымен бірге Республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қажеттігін тәрбиелеу;

- қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа халықтардың әдет-ғұрпы мен дәстүрін, мәдениетін меңгеру үшін жағдай жасау.

8. Қазақстан Республикасында арнаулы орта оқу орындарының мынадай түрлері жұмыс істейді: техникум (училище, мектеп), арнаулы орта оқу орны - кәсіпорын (мекеме) сонымен бірге жоғары дәрежедегі оқу орындары - к о л л е д ж д е р .

Колледж - толық емес жоғары және бастауыш жоғары (арнаулы орта) білімнің біліми-кәсіптік бағдарламаларын жүзеге асыратын дербес оқу орны немесе жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшесі.

Техникум (училище, мектеп және басқа да белгіленген тәртіппен осыларға теңгерілген оқу орындары) - орта буын мамандар дайындаудың біліми-кәсіптік бағдарламаларын жүзеге асыратын дербес арнаулы орта оқу орны.

Арнаулы орта оқу орны-кәсіпорын (мекеме) - бұл білім беретін мекеме, арнаулы орта білімнің біліми-кәсіптік бағдарламаларын; сонымен бірге кәсіби даярлаудың деңгейін көтеруге бағытталған өндірістен қызметті іс жүзінде жүзеге а с ы р а д ы .

9. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орнының ресми атауы ол құрылған кезде немесе қайта құрылған кезде белгіленеді, арнаулы орта білімді мемлекеттік басқарудың орталық органдары (Білім министрлігі, сонымен бірге арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар) оқу орнының ұйымдық-құқылық құрылысы мен кадрлар дайындау бағытын өзгеріске әкеліп соқпаса оның атын өзгерте алады.

Арнаулы орта оқу орындарының ресми атауында бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік наградалары көрсетілмейді.

10. Мемлекеттік емес арнаулы орта оқу орындары Білім министрлігімен бірге арнаулы орта оқу орындары бар тиісті салалас министрліктер мен

ведомстволарға тіркелгеннен кейін үйлесімді статуска ие болады.

11. Оқу орындарына мемлекеттік аккредитациясыз өздерінің бұрынғы атауларын пайдалануға болмайды.

12. Арнаулы орта оқу орындарының бөлімдері (факультеттер), лабораториялары, оқу мекемесі, кабинеттері, шеберханалары, полигондары мен оқу шаруашылығы; филиалдары мен оқу-кеңес беру орындары, емдеу орындары, ғылыми-конструкторлық бюролары, шығармашылық ұжымдары, біліктілігін көтеру және мамандарды қайта даярлау бөлімдері (факультеттері) болады.

Арнаулы орта оқу орындарының құрамына заңды мәртебесі бар оқу кітапханалары оқу залдарымен, оқу, әлеуметтік-мәдени және өндірістік б ө л і м ш е л е р е н е д і .

13. Арнаулы орта оқу орындарында басқа да құрылымдық бөлімшелер немесе комиссиялар құрыла алады, олар бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар бойынша мамандар даярлауды оқу, әдістемелік (ғылыми-әдістемелік) жұмыстарды жүргізетін оқытушыларды біріктіреді.

14. Арнаулы орта оқу орындарында құрылымдық бөлімшелерді құруды (филиалдар, оқу-кеңес беру орындары мен оқытушылардың біліктілігін көтеру бөлімдерінен (факультеттерден) басқа), оқу орнының өзі жүзеге асырады, белгіленген тәртіп бойынша арнаулы орта оқу орнының жарғысына өзгеріс енгізеді, құрылтайшыға хабарлайды.

Арнаулы орта оқу орнының құрамында немесе жанында мемлекеттік кәсіпорын, мекеме және ұйым (бюджеттікті қосқанда) құруды, сонымен бірге заңды мәртебесі барларын да белгіленген тәртіп бойынша құрылтайшы жүзеге а с ы р а д ы .

Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында филиалдар, оқу-кеңес беру орындары және оқытушылардың біліктілігін арттыру мен мамандарды қайта даярлау бөлімдері (факультеттер) Білім министрлігінің келісімімен құрылтайшы а р қ ы л ы құ р ы л а д ы .

15. Арнаулы орта оқу орны, оның құрылымдық бөлімшелері мен заңды мәртебесі бар өнеркәсіп, мекеме, ұйым, біртұтас ғылыми-өндірістік кешен - білім беру мекемесі болып табылады.

Арнаулы оқу орны біртұтас ғылыми-өндірістік кешен - білім беру қызметі р е т і н д е қ а м т а м а с ы з е т і л е д і :

- оқу тәрбие процесінде барлық бөлімшелердің міндетті қатысуымен;
- арнаулы орта оқу орны басшылары мен оқу орны Кеңесінің шешімдерін барлық құрылымдық бөлімшелердің орындауымен;
- арнаулы орта оқу орындарында кешен құрамына енетін бөлімшелер, арнайы шығарған қаржы есебінен орталықтандырылған қордың құрылуымен. Осы қорлардың пайдалану тәртібін оқу орнының Кеңесі белгілейді.

Біртұтас ғылыми-өндірістік білім беру кешенінің ішкі ұйымдық-құқықтық қатынастарының айқын сипаты мен мазмұны арнаулы орта оқу орнының Жарғысымен анықталады.

II. Арнаулы орта оқу орнына қабылдау

16. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарына оқушылар (студенттер) қабылдау, білім беру қызметін жүргізу құқының лицензиясына сәйкес **к о н к у р с т ы қ** **н е г і з д е ;**

- бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік стандарт шегінде мамандар даярлауға **қабылдау жоспары бойынша;**

- кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен және басқа да заңды ұйымдармен **тікелей шарттар бойынша** жүзеге асырылады.

Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында қабылдау жоспарын олардың **құрылтайшылары** **белгілейді.**

17. Арнаулы орта оқу орындарына қабылдау жалпы негізгі, жалпы орта (толық) немесе кәсіптік-техникалық білімі бар азаматтардың және өтініші бойынша, түсушілердің арнаулы орта мектептің кәсіптік бағдарламаларын меңгеру мүмкіншіліктерін анықтау мақсатында жүргізілетін қабылдау сынақтарының **нәтижесі негізінде** жүзеге асырылады.

Конкурс болған жағдайда, егерде Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерімен басқа жағдайлар ескертілген болмаса, оқуға қабылдау ең қабілетті және даярланған түсушілермен қамтамасыз етілуі керек.

18. Арнаулы орта оқу орындарына мамандық бойынша тапсыратын сынақтардан басқа, қабылдау сынақтарысыз жалпы орта мектептің негізгі және жоғары сатысын үздік бітірген, сонымен бірге орта кәсіптік училищені үздік дипломмен **бітірген адамдар** қабылданады.

Кәсіптік-техникалық училищені жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысында үздік дипломмен бітіргендерге көрсетілген тәртіп алған мамандығына сәйкес **мамандықтарға түскенде** қатысты.

19. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарына түсушілерден жеке өтініштерімен қатар оның жеке басын куәландыратын құжаттар талап етіледі, мемлекеттік үлгідегі жалпы негізгі, жалпы (толық) орта немесе кәсіптік-техникалық білімі туралы құжат, дәрігерлік анықтама, сонымен бірге **қажетті фото-суреттер саны.**

Егерде, оқуға түсуші Қазақстан Республикасы заңдары белгіленген жеңілдіктерді талап етсе немесе Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген шектеулерге байланысты арнаулы орта оқу орны талап етсе, оқуға түсуші басқа да **қосымша құжаттар тапсыруы мүмкін.**

20. Арнаулы орта оқу орындарына қабылдау кезінде қабылдау комиссиясы жұмысының жариялылығы және ашықтығы Қазақстан Республикасы заңдары бекіткен азаматтардың білім алу құқығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Арнаулы орта оқу орны түсушілерді арнаулы орта оқу орнының Жарғысымен және қабылдау мен білім беру процесін регламенттейтін құжаттармен таныстыруға міндетті.

Мемлекеттік емес арнаулы орта оқу орындары білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен және білім беру мекемесінің (колледж, техникум, училище, мектеп, арнаулы орта оқу орны кәсіпорын, мекеме т.с.с.) мәртебесін айқындайтын мемлекеттік аккредитациямен оқуға түсушілерді таныстыруға міндетті.

21. Қабылдау сынақтары кезінде оқуға түсушілерге өз білімдері мен іскерліктерін толық көрсетуге мүмкіндік беру керек, бейбіт және тілектестік жағдай қамтамасыз етілуі керек.

22. Қанағаттанарлықсыз баға алғандар конкурсқа қатыспайды, арнаулы орта оқу орындарына қабылданбайды.

23. Апелляцияны қарау тәртібін арнаулы орта оқу орны белгілейді.

24. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарына оқушы қатарына қабылдау мерзімін Білім министрлігі белгілейді.

25. Әлеуметтік-экономикалық келелі мәселелерді шешу үшін кадрлар дайындауда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға жәрдемдесу мақсатында арнаулы орта оқу орындары белгіленген қабылдау жоспары шегінде бюджет қаржысы есебінен мақсатты қабылдауға белгілі орын санын бөле алады. Осы орындарға жеке конкурс ұйымдастырады. Бұл жағдайда арнаулы орта оқу орындары тиісті мемлекеттік органдар және мекемелермен, сонымен бірге оқыту құнын жарым-жартылай немесе толық төлеп оқуға келісім шарт жасайды.

26. Арнаулы орта оқу орындары негізінен Қазақстан Республикасы заңдарына, осы Ережеге, Білім министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасы арнаулы орта оқу орындарына қабылдаудың Негізгі ережелеріне қайшы келмейтін қабылдау ережелерін дербес зерттеп дайындайды және бекітеді.

III. Арнаулы орта оқу орындарының оқу тәрбие қызметі

27. Арнаулы орта оқу орындарында бастауыш (арнаулы орта) және толық емес жоғары білімнің мамандар даярлаудағы кәсіптік білім беру бағдарламалары, қосымша кәсіптік білім беру және мамандарды қайта даярлау бағдарламалары әртүрлі мерзім мен деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін.

Арнаулы орта оқу орындарында тиісті лицензия бар болған жағдайда жалпы орта және кәсіптік-техникалық білім беру бағдарламалары жүзеге асырыла алады

28. Мамандар даярлайтын және қайта даярлайтын мамандықтарды арнаулы орта оқу орнына берілген лицензия анықтайды және оның Жарғысында көрсетіледі.

Тиісті мамандықтардың білім беру мазмұнын, оны меңгерудің нормативті мерзімдерін оқу орны білім беру стандарты негізінде анықтайды.

Арнаулы орта оқу орны оқу процесін мақсатты ұйымдастыру жолдары мен оқыту сипатын, әдістерін және құралдарын таңдай білуімен білім алушыларға білім-кәсіптік бағдарламаларды меңгеру үшін қажетті жағдай жасайды. Адам өміріне және денсаулығына зиянды, адамгершілікке жат оқыту әдістерін пайдалануға болмайды.

29. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі, олар оқу бөлімшелерінің қажетті санымен, сонымен бірге жұмыс істеу үшін жағдай жасалумен қамтамасыз етіледі. Басқа тілдерде мамандар даярлау республиканың қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық арнаулы орта оқу орындарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілін және ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін оқыту арнаулы орта білім берудің мемлекеттік стандарттарымен белгіленеді.

Мемлекеттік емес арнаулы оқу орындарында тілдің (тілдердің) оқытылуын Білім беру министрлігімен келісім бойынша олардың құрылтайшылары белгілейді.

30. Арнаулы орта оқу орындары үлгі оқу жоспарлар негізінде тиісті мамандықтарға оқу жоспарын және оқу жылына (семестрге) оқу процесі графигін жете зерттеп дайындайды және бекітеді, сонымен бірге бұрынғы дайындық деңгейін ескере отырып жекелеп оқыту жоспарын дайындайды және бекітеді.

Оқытудың жеке жоспарлары тереңдетілген даярлаумен қатар біліктілігі сәйкес мамандарға арналған бағдарламалар мен талаптарды өзгертпестен қысқа мерзімде білім алуды қамтамасыз етуі мүмкін.

Оқу жылы әдеттегідей, I қыркүйекте басталады және нақты мамандықтың оқу жоспарына сәйкес аяқталады.

31. Арнаулы орта оқу орындарында оқу сабақтарының төмендегідей негізгі түрлері белгіленеді: лекция, теориялық және практикалық сабақтар, лабораториялық жұмыс, бақылау жұмысы, курстық және дипломдық жобалау (жұмыс). Дәрістік сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығы 45 минут болып оқу орнының Жарғысында белгіленеді.

32. Оқытудың күндізгі және кешкі бөлімдерінің оқушыларына (студенттеріне) оқу жылында 2 реттен кем емес жалпы ұзақтығы 8-11 апта демалыс

т а ғ а й ы н д а л а д ы .

33. Арнаулы орта оқу орны әдістемелік жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді. Арнаулы орта оқу орындарында әдістемелік жұмысты үйлестіруді салалас министрліктер мен ведомстволардың оқу-әдістемелік кабинеттері және республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктер жүзеге асырады.

арнаулы орта оқу орнының пән комиссиясы, кафедралары туралы Үлгі ережені және арнаулы орта оқу орындарының республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктері туралы Үлгі ережені Білім министрлігі бекітеді.

34. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындары аударылған қаржы есебінен мамандар даярлаудың сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын қолданбалы ғылыми-әдістемелік зерттеулерді, тәжірибелік және шығармашылық қызметті жүзеге асыра алады .

35. Білім берудің қоғамдық сипатынан, жалпы адамзаттық құндылықтардың артықшылығынан келіп шығатын арнаулы орта оқу орындарының тәрбиелік міндеттері, оқытушылар мен оқушылардың оқу, шығармашылық, өндірістік және қоғамдық қызметі арқылы іске асады.

Өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық ұйымдар үйірме, тілектестер клубы, оқушылардың (студенттердің) және оқу орны қызметкерлерінің өнерпаз ұжымдары мен бірлестіктерін ұйымдастырады.

Оқу топтарында оқу және тәрбие жұмыстарына күнделікті басшылық топ жетекшілері арқылы жүзеге асырылады.

36. Ағымдағы жылдың оқу жоспарындағы пәндер бойынша аттестатталмаған оқушылар (студенттер) келесі курсқа көшірілмейді, ал емтихан және қосымша сессиялар кезінде үш пәннен (немесе үш рет бір-бірден) аттестатталмағандар о қ у д а н ш ы ғ а р ы л а д ы .

37. Мемлекеттік қаржыландырудағы оқу топтарының саны оқытудың күндізгі түрінде 25-30 адам, өндірістен қол үзбей оқыту топтарында 15-20 адам болып б е л г і л е н е д і .

Мамандарды даярлау қайта даярлау және біліктілігін көтеру кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және басқа да заказ берушілермен қаржыландырылса оқу топтарының санын оқу орны белгілейді.

Оқу орны өзі тізімін анықтайтын лабораториялық жұмыстарды, практикалық және семинарлық сабақтарды, дене тәрбиесі сабақтарын, жекелеген пәндерден оқыту сабақтарын жүргізгенде, сонымен бірге курстық жобалау және шеберханаларда өндірістік оқыту (полигондарда, шаруашылықта) кезінде оқу топтары саны 8 адамнан кем емес топшаларға бөлінуі мүмкін. Оқу орнының ерекшелігіне сүйеніп оқу сабақтары жеке оқушылармен (студенттермен) өткізілуі де мүмкін - дербес сабақ.

38. Оқушылардың (студенттердің) практикасы кәсіпорындарда және

ұйымдарда арнаулы орта оқу орындарының олармен жасаған келісімі негізінде, сонымен бірге өзінің меншікті оқу-өндірістік бөлімшелерінде ұйымдастырылады.

IV. Арнаулы орта оқу орнының академиялық бостандығы

39. Әрбір педагогикалық қызметке қатысушыға өз қалауы бойынша пәнді, сабақ беру және оқыту әдістері мен әдістемелерін таңдау, оқу процесін қамтамасыз етуге қажетті мәліметтерді еркін пайдалану жолдарымен мемлекеттік білім беру стандарты шегінде өзін-өзі көрсету бостандығы к е п і л д е н е д і .

40. Арнаулы орта оқу орны Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында белгіленген дербестікті пайдалана алады, өз Жарғысында көрсетілген қызметті жүзеге асыру және шешім қабылдау еркіндігіне ие.

41. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарын арнаулы орта білімді басқарудың орталық мемлекеттік органдары мен бақылауға алған құрылтайшы тексереді, арнаулы орта оқу орны Қазақстан Республикасы заңдарын және (немесе) өз Жарғысын дөрекі бұзған жағдайда, олар өз жарлығымен оның осы саладағы қызметін сот шешімі шыққанға дейін тоқтатуға құқылы.

V. Арнаулы орта білімнің мемлекеттік білім беру стандарттары

42. Арнаулы орта оқу орындарының біліми-кәсіптік бағдарламалары кәсіптік білімнің мемлекеттік стандарты белгілеген мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беру қызметінің жиынтығы болып саналады.

43. Арнаулы орта білімнің мемлекеттік стандарттары білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемін, мамандарды даярлау деңгейіне талаптар белгілейді.

44. Арнаулы орта білімнің мемлекеттік стандарттарын әртүрлі ұйымдастыру - әдістемелік түрде арнаулы орта оқу орындары арқылы жүзеге асырылады.

45. Әртүрлі сатыдағы арнаулы орта білімнің біліми-кәсіптік бағдарламаларын бірінші рет меңгеру екінші арнаулы орта білім алғандай болып есептелмейді.

46. Білім беру бағдарламалары тұлғаның қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқушылармен (студенттермен) міндетті оқудың көлемімен ерекшеленетін, әр алуан түрде меңгерілуі мүмкін; күндізгі, күндізгі-сырттан (к е ш к і), с ы р т т а н , э к с т е р н а т .

47. Экстернат арнаулы орта оқу орындарында таңдаған мамандығы бойынша кәсіптік білім беру бағдарламаларына (оқу жоспарына) сәйкес пәндерді өз бетімен меңгерген-адамдарды аттестациялау.

Экстернат туралы ережені Білім министрлігі бекітеді.

48. Арнаулы орта оқу орындары мамандықтарының тізімі, оларды өндірістен қол үзбей алуға және экстернат түрінде жол берілмейді. Білім министрлігі Еңбек министрлігінің, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімімен б е л г і л е й д і .

49. Оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған оқушы (студент) қорытынды аттестацияға жіберіліп, оның нәтижесі бойынша білім дәрежесі мен біліктілігіне сәйкес құжат бөлу мәселесі шешіледі.

Арнаулы орта оқу орындарында бітірушілердің мемлекеттік қорытынды аттестациясы туралы ережені Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекітеді .

50. Арнаулы орта оқу орны қорытынды аттестациядан өткен тұлғаларға білімі туралы құжат береді, онда құжат берген білім беру мекемесінің атауы, бітірушіге белгілі бір қызмет саласында берілген біліктілік, сонымен бірге игерілген пәндердің көлемі көрсетілген тізім және оларды меңгеру сапасына баға к ө р с е т і л е д і .

Факультативтік курстар бағасы бітірушінің қалауы бойынша көрсетіледі.

51. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындары бітірушілерге Қазақстан Республикасының барлық территориясында жарамды мемлекеттік үлгідегі д и п л о м д а р б е р е д і .

Оқытылған пәндер туралы мәлімет дипломның қосымшасында беріледі және ол курстар мен оқыту кезеңдерінің бағаларға эквиваленттік негізі болып қызмет а т қ а р а д ы .

52. Оқушылардың білімі, іскерлігі және әдет-дағдысы білімі туралы құжаттарында келесі бағалармен анықталады: "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз", "сынақтан өтті".

Бағалар емтиханда немесе оқушылар (студенттер) жұмысының нәтижесін аттестациялағанда немесе арнаулы орта оқу орны белгілеген сынақтардың басқа түрлерінде қойылады. Ағымдағы бақылаудың нәтижесі бойынша алған бағаларға келіспегендерге емтиханды қайта тапсыру құқығы беріледі.

53. Дипломда маманның біліктілігі кәсіптік қызмет аясын қажет дәрежеде н а қ т ы л а у к ө р с е т і л е д і .

54. Оқу жоспары бойынша пәндерден 25% артық емес "жақсы" деген баға алған, қалған пәндердің барлығынан "өте жақсы" деген баға алған, сонымен бірге бекітілген оқу жоспары бойынша білім мен іскерлік сынақтарын түгел аяқтаған оқушыларға үздік диплом беріледі.

55. Қазақстан Республикасы аумағында жарамды, жоғары білім туралы мемлекеттік үлгідегі диплом нұсқаларын Қазақстан Республикасының Білім министрлігі дайындап бекітеді.

56. Шетелдің оқу орындары берген арнаулы орта білім туралы құжаттар мемлекетаралық қарастырылған келісімдерге сәйкес танылады.

Қазақстан Республикасында арнаулы орта оқу орны туралы құжаттардың танылуы және тиісті куәліктердің берілуі Білім министрлігі белгілеген тәртіп бойынша жүзеге асады.

57. Арнаулы орта оқу орындарының күндізгі бөлімін бітірушілерді жұмысқа орналастыру еңбек және жұмыспен қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының әрекеттегі нормативті актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

ҮІ. Мемлекеттік арнаулы оқу орындарын басқару

58. Арнаулы орта оқу орындарын басқару Қазақстан Республикасы заңдары мен оқу орнының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы орта оқу орнының Жарғысы Қазақстан Республикасы заңдарының бөлімінде көрсетілгендей құрылтайшымен келісіледі.

59. Арнаулы орта оқу орнының жоғары сайланған өкілдік органы арнаулы орта оқу орнының Кеңесі болып табылады, оған директор басшылық етеді. Кеңес Жарғысы бекітеді, оқу орнының қызметі мен дамуындағы негізгі мәселелерді қарайды, Жарғыға өзгеріс және толықтырулар енгізеді, кадр, тәрбие, қаржы және ұйымдастыру мәселелері бойынша Ереже белгілеген өкілеттік шегінде шешім қабылдайды. Кеңес шешімі директор бекіткеннен кейін күшіне енеді. Кеңестің өкілеттік мерзімі 5 жылдан артпайды. Кеңес сайлауды мерзімінен бұрын, оның жартысынан көп мүшелерінің талабы бойынша, сонымен бірге арнаулы орта оқу орындарының Жарғысында қарастырылған жағдайларда өткізіледі.

Кеңестің бірінші құрамын сайлау тәртібі оқытушылардың, басқа категориядағы қызметкерлердің және оқушылардың жалпы жиналысында (конференцияда) анықталады. Кеңес құрамына арнаулы орта оқу орнының барлық дәрежедегі қызметкерлері мен оқушылары сайлана алады. Кеңестің жеке мүшелері жыл сайын сайланады және толықтырылып сайлана алады.

Делегаттарды сайлау тәртібі жалпы жиналыста (конференцияда) барлық дәрежедегі қызметкерлердің, қоғамдық ұйымдардың және оқушылардың қатысуымен әрекеттегі Кеңес арқылы анықталады, сонымен бірге Кеңес мүшелерінің өкілдері жалпы делегаттар санынан 50 % көп болмауы керек.

Жарғыға әлеуметтік мәселелерге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізіп бекіткенде. Кеңес жұмысына оқу орнының барлық дәрежедегі қызметкерлерінің, қоғамдық ұйымдарының және оқушылардың өкілдері қатысуы керек, олардың саны мен сайлау тәртібін арнаулы орта оқу орнының Жарғысы анықтайды.

Арнаулы орта оқу орнында барлық қызметкерлер мен оқушыларға Жарғы

жобасымен танысып және оған ұсыныстар енгізу үшін жағдай жасалуы керек.

Жаңадан құрылған мемлекеттік арнаулы орта оқу орнында Кеңес құрылғанға дейін Жарғыны I жылға дейінгі мерзімге құрылтайшы бекітеді.

60. Арнаулы орта оқу орнында оқушыларды (студенттерді) оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру мақсатында, әдістемелік жұмыстарды, оқытушылардың әдістемелік шеберлігін көтеру мақсатында педагогтар мен басқа қызметкерлерден біріктірілген әдістемелік (педагогикалық) кеңес құрылады.

Кеңестің құрамын, атқаратын қызметін және жұмыс тәртібін арнаулы орта оқу орнының Жарғысы анықтайды.

61. Арнаулы орта оқу орнының тікелей басшылығын құрылтайшы тағайындаған және тиісті аттестациядан өткен директор (бастық) жүзеге асырады.

Арнаулы орта оқу орындары директорларының аттестациядан өту тәртібін Білім министрлігі анықтайды.

Арнаулы орта оқу орнының директоры (бастығы) заңдарға сәйкес оқу орнының атынан әрекет жасайды, оның өкілі ретінде өзін барлық мекемелерде көрсетеді, оқу орнының барлық мүлкі мен қаржысына иелік етеді, келісімдер жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есеп ашады және кредиттерге реттеуші болып табылады және оқу орнының барлық қызметкерлері мен оқушыларына міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді.

Директор (бастық) әрекеттегі заңдарға сәйкес өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерді, оқу орнының құрылымдық бөлімшелерінің меңгерушілерін, оқытушылар мен басқа қызметкерлерді тағайындайды және міндетінен босатады, кәсіподақ ұйымының келісімімен оқу орнының барлық қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін анықтайды.

Директор (бастық) мен Кеңес арасындағы өкілеттік айырма арнаулы орта оқу орнының Жарғысында анықталады.

Арнаулы орта оқу орнының директорына (бастығына) ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа арнаулы орта оқу орны ішінде немесе одан тысқары өз қызметімен бірге басқа ақылы басқару қызметін қатар атқаруға рұқсат етілмейді.

Оқу орны әкімшілігі қызметінің қорытындысы бойынша директор жыл сайын Кеңес алдында немесе оқу орны ұжымының алдында есеп береді.

62. Оқу орнының құрылымына байланысты кейбір жеке бөлімшелерде (бөлім, факультет және басқалар) сайлау органдары - кеңестер құрылуы мүмкін, олардың өкілеттігі мен сайлау тәртібі арнаулы орта оқу орны Жарғысында анықталады.

63. Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сәйкес арнаулы орта оқу орындарының басқару органдары (құрылтайшылары) оқу орындарымен өзара қарым-қатынас жасайды және оқу орнына өз құзыры шегінде нұсқау береді.

Арнаулы орта оқу орындарының мемлекеттік-қоғамдық басқару органы - арнаулы орта оқу орындарының директорлар кеңесі мен базалық (аймақтық және профильді) арнаулы орта оқу орындарының жұмысына қатысады, олардың Үлгі ережелерін Білім министрлігі бекітеді.

64. Арнаулы орта оқу орындарында өзінің жарғысы негізінде кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдар құрыла және жұмыс істей алады.

Әрекеттегі заңдарға сәйкес арнаулы орта оқу орындарында ерікті қоғамдар, оқушылардың (студенттердің) өзін-өзі басқару ұйымдары, оқытушылардың, қызметкерлердің және оқушылардың (студенттердің) дербес бірлестіктері құрылуы мүмкін.

Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

ҮІІ. Арнаулы орта оқу орындарының студенттері және оқушылары

65. Оқушы, арнаулы орта оқу орны директорының бұйрығымен оқуға қабылдана тұлға.

Студент дәрежесі колледждерде толық емес жоғары білімнің біліми-кәсіптік бағдарламаларын меңгеріп жүргендерге беріледі.

Арнаулы орта оқу орны оқушысына белгіленген үлгі бойынша оқушы билеті және үлгерім кітапшасы, студентке - студенттік билет және сынақ кітапшасы беріледі.

Оқушы (студент) арнаулы орта оқу орнында білім беру процесінің негізгі субъектісі болып табылады.

66. Арнаулы орта оқу орнында оқушылардың (студенттердің) және басқа білім алушылардың құқықтары мен міндеттері. Қазақстан Республикасының заңдарымен, арнаулы орта оқу орнының Жарғысымен және Жарғыда қарастырылған басқа да жергілікті заңдармен анықталады.

67. Арнаулы орта оқу орындары оқушыларының (студенттерінің) құқығы бар:

- мемлекеттік білім беру стандарттары шегінде білім алуға қосымша білім алуға, сонымен бірге ақылы білім беру қызметін алуға;

- қандай ұйымдастыру - құқылық түрдегі болмасын кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда оқудан бос уақытта оқытудың күндізгі түрін жұмыспен қатар алып жүруге;

- арнаулы орта оқу орны қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және

шешуге қатысуға, сонымен бірге қоғамдық ұйымдар мен оқу орнын басқару органдары арқылы қатысуға;

- мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында кітапханаларды, мәліметтер қорын, оқу, ғылыми-әдістемелік және басқа да оқу орны бөлімшелерінің қызметін оның Жарғысында анықталған тәртіп бойынша тегін пайдалануға;

- экспериментальды-конструкторлық бюролардың, шығармашылық ұжымдардың жұмыстарына, конференцияларға, симпозиумдарға, жарыстарға және т.с.с. қатысуға;

- дәрігерлік қызмет көрсетуде жеңілдіктерді пайдалануға, мемлекеттік көліктердің, таксиден басқа, жол ақысына жеңілдіктерді пайдалануға;

- оқудағы жетістіктері мен экспериментальды-конструкторлық және шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін адамгершілік қолдау мен материалдық сый алуға;

- арнаулы орта оқу орны әкімшілігінің бұйрықтары мен жарлықтарын заңдар белгілеген тәртіп бойынша бұздыру туралы шағым арыз беруге.

68. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарының барлық түрлерінде, сонымен бірге лицензиялаудан өткен мемлекеттік емес арнаулы орта оқу орындарында оқитын оқушылар (студенттер) әскери қызметке шақыру үндеуін заң белгілеген тәртіп бойынша кейінге қалдыруға құқығы бар.

69. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында жетім балалар мен ата-ананың (олардың орнын ауыстыратын адамдардың) қамқорлығынсыз қалған балаларды асырау мен білім беру толық мемлекет тарапынан қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырылады.

70. Оқушыларға (студенттерге) жүктілікке және босануға байланысты берілетін демалыс кезінде стипендия әрекеттегі заңдарда қарастырылғандай осы демалыс мерзіміне толық көлемде беріледі.

Өндірістен қол үзіп оқитын, баласы бар әйелдерге белгіленген тәртіп бойынша толық көлемде стипендия және балаларына жәрдем ақша төленеді. Оқушыларға бала бір жарым жасқа жеткенге дейін оның күтіміне берілетін академиялық демалыс кезінде стипендия төленбейді.

71. Оқу орны орналасқан жерден басқа өндіріске, мекемеге және ұйымдарға өндірістік және оқу практикасынан өтуге жіберілген оқушы (студент) - практиканттарға, оқу орны орналасқан жерден басқа жаққа баруына байланысты, белгіленген тәртіп бойынша сөткелік шығын төленеді. Практика ететін жерге бару және қайту жол шығыны толық көлемде төленеді.

72. Басқа қалада тұратын оқушылар (студенттер) жатақханаларда орындармен қамтамасыз етіледі, тұру ақысын төлеуде жеңілдіктерді пайдаланады. Отбасы бар оқушыларға (студенттерге) орын жеке жатақханалардан, оқшауланған подъездерден, секциялардан, этаждардан, қажет болған жағдайда балаларды

бағып-күтуге жағдай жасалынып беріледі.

73. Арнаулы орта оқу орындарының өндірістен қол үзбей оқитын оқушылары (студенттері) жұмыс істейтін жерінен ақылы қосымша демалыс алуға, қысқартылған жұмыс аптасын және тағы да басқа Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған жеңілдіктерді пайдалануға құқығы бар.

74. Арнаулы орта оқу орны оқушыларды (студенттерді) жұмыспен қамту саласындағы жағдай жөнінде хабардар етуге, олардың кәсіпорын, мекеме мен ұйымдармен және жұмысқа орналасуда келісім шарттар (контрактылар) жасауына көмек етуге міндетті. Келісімдерде (контрактыларда) қамтылуы мүмкін: дайындаудың жарым-жартылай немесе толық құны стипендия төлеу, сонымен бірге жоғары көлемде, кредит беру, өндірістік практикадан өтуге жағдай жасау, белгілі жұмыс орын, пәтер-үй және басқа жағдайлар.

75. Арнаулы орта оқу орындарының оқушылары (студенттері) теориялық білімді, практикалық дағдыларды меңгеруі керек, оқу жоспары мен оқыту бағдарламаларында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрін белгіленген мерзім ішінде орындауы керек, ұлттық және жалпы-адамзаттық, рухани-адамгершілік байлықтарын құрметтеуге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Қазақстан Республикасы заңдарында және оқу орны Жарғысында белгіленген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

76. Міндеттерін дөрекі бұзғаны үшін оқушылар (студенттер) тәртіпке шақырылады, арнаулы орта оқу орнынан шығаруға шейін шара қолданылады.

Оқушы (студент) арнаулы орта оқу орнынан шығарылуы мүмкін:

- өз еркі (қалауы) бойынша;
- дәрігерлік кеңес беру комиссиясының қорытындысы бойынша денсаулығына байланысты;
- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- академиялық үлгермеушілікке байланысты;
- оқу тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін және арнаулы орта оқу орны Жарғысын дөрекі бұзғаны үшін.

Оқушыларды (студенттерді) оқудан шығару тәртібі арнаулы орта оқу орнының Жарғысында қарастырылады.

77. Арнаулы орта оқу орны оқушысының Білім министрлігі белгілеген тәртіп бойынша қайта қабылдануға және бір орнынан екіншісіне ауысуға, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқытудың бір түрінен екіншісіне ауысуға құқығы бар. Сонымен, мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында орнына қайта қабылдау және ауысу кезінде ақы алуға тиым салынады. Бір арнаулы орта оқу орнынан екіншісіне ауыстыру екі жақты директорлардың (бастықтардың) келісімімен жасалынады.

78. Біліктілігін арттыру және мамандарды қайта дайындау бөлімдерінде (

факультеттерінде), дайындық және басқа курстарда, сонымен бірге екінші арнаулы орта оқу орнын қатар алып жүрген және басқа білім беру мекемесінің оқушысы (студенті) болып табылатын тұлғалар арнаулы орта оқу орындарының тыңдаушылары болып табылады.

Тыңдаушылардың білім алуға құқы - арнаулы орта оқу орнының оқу формасы сәйкес келетін оқушысының (студентінің) мәртебесіне сай болады.

ҮІІІ. Арнаулы орта оқу орнының оқытушылары және басқа қызметкерлері

79. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында оқытушылық, инженер-техникалық, әкімшілік, өндірістік, қосалқы және басқа қызметкерлердің қызметтері қарастырылады.

Оқытушылар құрамын толықтыру Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес конкурстық негізде келісім шарт жасау арқылы, ал басқа қызметкерлер - еңбек шарты арқылы жүзеге асырылады.

Арнаулы орта оқу орындарында педагогикалық қызметкерлердің орнын толтыру тәртібі туралы Ережені Білім министрлігі бекітеді.

80. Арнаулы орта оқу орындары қызметкерлерінің құқығы бар:
- кәсіптік қызметте және еңбекті қорғауда жағдай жасалумен қамтамасыз етілуге;

- арнаулы орта оқу орнының басқару ұйымдарын сайлауға және сайлануға;
- арнаулы орта оқу орнының маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге қатысуға, сонымен бірге қоғамдық ұйымдар мен арнаулы орта оқу орындарын басқару ұйымдары арқылы;

- арнаулы орта оқу орнының Жарғысында бекітілген тәртіп пен мәлімет қорларын, оқу, ғылыми, әлеуметтік-тұрмыстық, емдеу және арнаулы орта оқу орнының басқа бөлімшелерінің қызметін пайдалануға;

- Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілген тәртіппен арнаулы орта оқу орны әкімшілігінің бұйрықтары мен жарлықтарын қайта қарауға шағым арыз беруге.

81. Сонымен бірге қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңдарында, келісім-шарттарда, арнаулы орта оқу орны Жарғысында анықталған басқа да құқықтары бар.

82. Оқытушылар мен өндірістік оқытудың шеберлері өздерінің жеке бастарының ерекшеліктеріне толығырақ жауап беретін және оқу процесін жоғары сапамен қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен құралдарын таңдауға құқылы. Олар міндетті:

- білімнің мазмұнын үнемі жаңалап отырып, педагогикалық қызметтің

жоғары тиімділігін қамтамасыз ету, оқытушылардың дербестілігін, ынтасын, жеке және шығармашылық қабілеттілігін дамыту, оқушылардың (студенттердің) мемлекеттік стандарттан төмен емес білім алуына қол жеткізуге;

- өз біліктілігін көтеруге. Арнаулы орта оқу орындарының біліктілігін арттыру туралы Ережені Білім министрлігі бекітеді;

- оқушыларды (студенттерді) оқыту мен тәрбиелеуді жоғары кәсіптік деңгейде жүргізуге, ұлттық, жалпы адамзаттық және рухани өнегелі байлықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

- оқу орнының педагогикалық мінез-құлық, Жарғы және ішкі тәртіп ережелерін сақтауға.

Педагогикалық қызметкерлердің міндеттері оқу орны Жарғысымен және келісім шарт жағдайларымен регламенттеледі.

83. Әкімшіліктің, инженер-техникалық, өндірістік, қосалқы және басқа қызметкерлердің міндеттері лауазымдық нұсқауларда және арнаулы орта оқу орнының ішкі тәртіп ережелерінде анықталады.

84. Арнаулы орта оқу орнының қызметкерлеріне оқыту, әдістемелік, тәрбие жұмыстарында және басқа да міндетті қызметтерде жеткен жетістіктері үшін әртүрлі рухани және материалдық мадақтаулар белгіленеді.

85. Штаттар қысқаруына байланысты директордың басқаруымен педагогикалық қызметкерлерді жұмыстан шығару, тек қана оқу жылы аяқталғаннан кейін рұқсат етіледі.

IX. Арнаулы орта оқу орнының қызметін бақылау

86. Арнаулы орта білімнің сапалылығын мемлекеттік бақылау, арнаулы орта білім саласындағы бірыңғай Мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге, мамандарды даярлаудың сапасын арттыруға кәсіптік білім беруге, бөлінген бюджеттік қаржыны тиімді пайдалануға бағытталған. Мемлекеттік бақылау мемлекеттік те, мемлекеттік емес те арнаулы орта оқу орындарына қатысты арнаулы орта білім беру қызметін бірыңғай бағалау жүйесіне кіреді:

- арнаулы орта оқу орындарында Білім министрлігі немесе оның сенімхаты бойынша басқа да білімді басқару органдары жүргізген мемлекеттік аттестациялаудың негізгі мақсаты мамандар даярлау мазмұнының, деңгейінің, және сапасының мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына мамандық бойынша үйлесімділігін айқындау болып табылады;

- Білім министрлігі мен ведомстволық арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың бірге өткізген мемлекеттік аттестациялауының нәтижесі бойынша мемлекеттік аккредитациялау, оның мақсаты арнаулы орта оқу орнының дәрежесін, кәсіптік білім беру

бағдарламаларының деңгейін растау (бекіту) болып табылады.

Мемлекеттік бақылаудың қызметін атқарушы - аттестациялау, арнаулы орта оқу орындарында міндетті түрде болады, аккредитациялау - ерікті түрде жүзеге асырылады.

Арнаулы орта оқу орындарын мемлекеттік аттестациялау туралы Ережені Білім министрлігі бекітеді, арнаулы орта оқу орындарын аккредитациялау туралы Ережені Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді.

87. Қазақстан Республикасы заңдарының, Жарғының, лицензиялардың білім беру мен қаржы-шаруашылық қызметінің арнаулы орта оқу орындарында орындалуын құрылтайшы өзінің құзыры шегінде тікелей бақылау жасайды.

Х. Арнаулы орта оқу орындарының қаржы-шаруашылық қызметі

88. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орындарында материалдық-техникалық базаны құру және дамыту приоритетті тәртіпте мемлекеттік сұраныс негізінде жүзеге асырылады.

Арнаулы орта оқу орнының мемлекеттік мүліктері оның тікелей басқару құқында болады және алуға жатпайды немесе арнаулы орта оқу орнының негізгі міндеттері мен мүдделеріне қайшы келетін мақсаттарға пайдалануға болмайды.

Арнаулы орта оқу орны мүліктерінің сақталуына директор және оның әкімшілік-шаруашылық қызметтегі орынбасары жауап береді.

89. Мемлекеттік арнаулы орта оқу орны мүліктерінің құрылу және оның қызметін қаржыландыру көздеріне:

- мемлекеттік білім беру стандарттарын қамтамасыз етуге бөлінген әртүрлі деңгейдегі бюджеттік қаражат;

- қызметтің әртүрлі түрлерін жүзеге асырудан алынған қаражат;

- жай адамдар мен заңды тұлғалардың, сонымен бірге шетелдердің жәрдем ретінде және мақсатты төлем ретінде ерікті берген қаражаттары жатады.

90. Арнаулы орта оқу орындарын қаржыландыру бюджеттік қаражат есебінен мамандар даярлауды мемлекеттік тапсырмаларына және оқу орнының құрылтайшысы (жоғары тұрған орган) бекіткен шығын сметаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы орта оқу орны берілген тапсырмадан тыс құрылтайшының (жоғары тұрған органның) келісімімен заңды ұйымдармен жасалған оқу шығындарын толық төлеу туралы келісім-шарт негізінде, қосымша оқушылар (студенттер) қабылдауды ұйымдастыра алады.

Әртүрлі көздерден келіп түскен барлық қаржылар арнаулы орта оқу орнын мемлекеттік қаржыдан қаржыландырудың абсолюттік көлемін төмендетпейді.

Арнаулы орта оқу орындары алған валюталық қаржылар белгіленген тәртіп бойынша жұмсалды.

91. Арнаулы орта оқу орнының құқығы бар:

- белгіленген тәртіп бойынша ескірген, тозған және пайдалануға жарамсыз жабдықтарды, көлік құралдарын, мекеме мүліктері мен құрал-саймандарды шығынға жазуға;

- материалдық құнды заттарды, ақша қаражаттарын мемлекеттік, қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардан, жеке адамдардан ақысыз алуға;

- айлық табысқа бөлінген қор есебінен оқу орнының құрылымы мен штаттық кестесін бекітуге;

- әрекеттегі бірыңғай тариф сеткасына сәйкес қызметкерлерге лауазымдық еңбекақы мөлшерін белгілеуге;

- еңбекақыға үстеме белгілеу, қызметкерлерге еңбекақы қорын үнемдеу есебінен материалдық көмек көрсетуге;

- тиісті білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарынан тыс кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен және жеке адамдармен келісім бойынша қосымша ақылы білім беру қызметін көрсетуге.

92. Арнаулы орта оқу орны өздерінің толық шаруашылық жүргізу құқындағы, өндірістік-шаруашылық қызметтен түскен кірісті алуға құқы бар.

93. Арнаулы орта оқу орындары кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға қызмет көрсетеді және жұмыстарын орындайды. Арнаулы орта оқу орны жарғылық қызметті жүзеге асыруға қажетті жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге, осы мақсатқа бөлінген қаржы шегінде тапсырыс береді.

94. Арнаулы орта оқу орындарының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, өзінің атауымен штампы, жеке балансы және банк мекемелерінде ақша қаражаттарын сақтауға және есеп айырысудың барлық түрлері мен кассалық операцияларын жүзеге асыратын есептері (сонымен бірге валюталық) бар.

95. Арнаулы орта оқу орындарының мамандар дайындауға қатысы жоқ, өндірістік шаруашылық қызметінің салығы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес анықталады.

XI. Арнаулы орта оқу орындарының халықаралық қызметі

96. Арнаулы орта оқу орындарының шетелдік және халықаралық мекемелермен тікелей қарым-қатынас орнатуға құқы бар.

Оның Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің сыртқы байланыстар Бас басқармасының келісімімен арнаулы орта білім саласы мен ғылыми қызметте, қайта даярлау мен біліктілікті көтеруде ынтымақтастық туралы келісімдер

жасауға, оқушыларды (студенттерді), оқытушыларды, өндірістік оқытудың шеберлерін оқу орнына және ғылыми мекенге оқуға (сонымен бірге ауыстыру ретінде) жіберуге құқысы бар.

Арнаулы орта оқу орнының халықаралық қызметі Қазақстан Республикасы арнаулы орта оқу орындары туралы уақытша ереже. Алматы. Республикалық баспа кабинеті. 1995 ж. 47 б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК